

ТІЛДІ БІЛУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Қалиева Сымбат Қайратбекқызы
3 курс студент “Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту” мамандығы
“М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі КМҚК”
Семей қ. Абай облысы Қазақстан Республикасы,
Почта: rasulbeibit090@gmail.com
Комаева Маржан Сейфуллаевна
Педагогика және психология ПӘК оқытушысы
“М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі КМҚК”
Семей қ. Абай облысы Қазақстан Республикасы,

Тақырыптың өзектілігі: Қазіргі замандағы қазақ тілінің мәселелерін анықтау.

Тақырыптың мақсаты: Жастар арасындағы қазақ тілінің таралуына жағдай жасау, тіл мәдениетінің өзекті мәселелерін қарастырып, тіл біліктілігі жоғары ұрпақтың қалыптасуына ықпал ету.

Тіл - қазақтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгісі. Ол - ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу - өмір талабы, заман сұранысы, қоғам қажеттілігі.

Тіл саясаты қағидасын тәжірибеге берік ендіру, алға басуға ұмтылу. Осы орайда, біздің елімізде көптеген шаралар өз бастамасын табуда. Атап айтсақ, қазақ тілін оқып-үйрену бойынша үгіт-насихат жұмыстары, семинарлар мен дәрістер өткізіледі. Осы іспеттес жұмыстар аудандық басқармаларда да жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 тамыздағы «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» №769 қаулысына сәйкес, мемлекеттік тілді тиісті дәрежеде игеріп, оны оқып-үйрену, ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу үшін Әділет департаментінде мемлекеттік тілді оқу топтары құрылған. Әділет департаментінде қазақ тілін оқыту бойынша кабинет бөлінген, оның іші оқу-әдістемелік құралдармен, әдебиеттер және сөздіктермен жабдықталған. Мемлекеттік тіл мен қазақ тілінің арасында осы тұрғыда сәл айырмашылық бар. Қазақ тілі қазақтар үшін болса, мемлекеттік тілді тек қазақтар үшін деп айта алмаймыз. Ол Қазақстанның барлық азаматы үшін. Солардың бәрі ұлтына қарамай, дініне қарамай, өз тілі ретінде қабылдаған кезде ғана шын мәнінде мемлекеттік тіл қалыптасады (Америка Құрама Штаттарында сырттан келгендерге мемлекеттік тілді үйренбейінше, азаматтық бермейтінін еске алайық).

Екінші айырмашылық - мемлекеттік тіл - міндетті тіл (мемлекеттік қызмет саласында), ал, ана тілі - әркімнің өзінің ұжданы, перзенттік

парызы. Сондықтан мемлекеттік тілді айтып отырып, ана тілін қабаттастыратын болсақ, мәселені шашыратып аламыз, шашыраңқы мәселелердің шешілуі қиын. Менің ойымша, бүгінгі таңда ұлттық идея дәрежесіне көтеретін нәрсе - мемлекеттік тілді өз тұғырына қондыру. Өйткені мемлекеттік тіл - ұлттың ұйытқысы. Бүкіл Қазақстан азаматы осы мемлекеттік тілдің төңірегіне топтаса алады.

Қазақ тіліндегі тіл мәдениеті саласы өзінің бастау көзін А.Байтұрсынұлының тіл-құралдарынан алады. Қазақ тілі мәдениетінің іргетасын дұрыс қалап бергендіктен солай дейміз.

– А. Байтұрсынұлы жазба тіл нормаларының ең алғашқы кодификаторы. Тілдің кодификацияланған нормалары ең бірінші дыбыстық, грамматикалық құрылымына негізделген әліпби түзуден басталады.

– А. Байтұрсынұлы алдымен сауат ашқыш әліпби құралын жалпақ жұртшылықтың қолына ұстатты.

– А. Байтұрсынұлы жазу, жазғанды оқу, айтылған сөзді жазуға түсіндірудің әдістерін танытатын емле-ережелерін түзді.

Қазіргі қазақ тіл білімі: лингвомәдени бағыт. Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі бұрын-соңды шыққан лексикографиялық сөздіктерде қамтылмай қалған лексика-фразеологиялық бірліктерді, паремиологизмдерді тілдік, мәдени семантикалық қырынан лексикографиялап, түсіндірме сөздік форматында жүйелеп беруді көздейді.

Мәдени-семантикалық белгіленімнің реестріне прецедентті мәтіндер арқылы қалыптасқан тек мәдени кодтан тұратын атаулардың түрлері мен типтерін іріктеп, саралап беру арқылы тілдік қоғамдастықтың (халықтың, ұлттың) сөзінде жинақталған танымдық білім ықшам, мейлінше қысқа тәсілмен көрсетілді. Халық тіліндегі лексика-фразеологиялық бірліктердің тілдік және мәдени семантикасын түсіндірме сөздікте лексикографиялау ұлттық және халықаралық деңгейде аса маңызды болып саналады.

Сөздік ғалымдарға, жоғары және орта білім беру жүйесінің мамандарына, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, түрлі салалардың қызметкерлеріне, сондай-ақ көпшілікке арналған құнды және қажетті еңбек болып саналады.

Тіл мәдениеті – шындық болмыста көрініс табатын, қоршаған ортада сұранысқа қажет дәрежесіне ие, басымдығы салмақты тілдік құбылыс. Ғалымдардың берген пайымдауларына сүйенетін болсақ, тіл мәдениеті тұлғалардың сөздік бірліктерді таңдау арқылы ой мен пікір мазмұнының нақты жеткізе білу шеберлігін қадағалау үрдісі тілде көрініс табады.

Тіл мәдениетіне - тіл тазалығы, тіл дәлдігі, ойдың анықтығы, мазмұн мәдениетіне теренні сөздерді дұрыс айту, дұрыс жазу нормалары, сөйлемдерді дұрыс құру, ойды сол жеткізе білу шеберлігі сөйлеу, тыңдау әдеттілігі деген мәселелер жатады. Тіл дамыту - қазіргі мектептің оқу

тәрбие ісіндегі басты проблема тіл мен сөйлеу процессін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлу. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабақтарында тіл дамытуға, байланыстырып сөйлеуге айрықша көңіл бөледі, тілдік материалдарды дұрыс таңдай білу, оны дұрыс бере білу, тілдің практикасының бір бірімен қарым - қатынасы түрлі жаттығу жұмыстары арқылы іске асырылады. Оқушылардың ауызша тілін, сөйлеу мәдениетін, шеберлігін арттыруда пікірталасы, айтыс сабақтар, баспасөз конференциясы, брифинг, көзқарас сабақтарының маңызы ерекше. Ал жазбаша тіл дамытуда реферат қорғау, конференция, брифинг, көзқарас сабақтарының маңызы ерекше ел жазбаша тыл ұмытуда реферат қорғау конференция семинар т.б сабақтардың орны зор. Оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу өрістетін жетілдіріп, көздейтін мектеп көлемінде тиісті шаралар белгіленіп, жаппай күрес жүргізіліп отыруы қажет. Бұл жұмысты осылай ұйымдастырмаған жерде, одан ойдағыдай нәтиже күту толық мақсатқа жету неғайбіл болмақшы .

Ұзақ жылғы зерттеулердің нәтижесінде тіл мәдениеті өзінің ғылым саласы ретінде іргетасын қалап, бағыттарын айқындап алды. Тіл мәдениеті ғылымы басқа салалармен салыстырғанда кейіннен қалыптасты. Дегенмен оның жекелеген ұғымдары кезінде А. Байтұрсынұлы еңбегінде сөз болған. А. Байтұрсынұлы «шығарма өңді, ұнамды болу туралы талғаудың қоятын жалпы шарты мынау» деп сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл(лұғат) анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі ұғымдарын атайды. Тіл тазалығы – «ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау» [2, 19]. «Айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық атайды да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт айтады. Сондықтан біреудің айтқан сөзін анық түсінеміз де, біреудің сөзін анық түсінбей, жорамалдап, жорып, ұйғарып қана қоямыз», – дейді [2, 20]. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек» [2, 22]. «Сөз бедері дегеніміз сөзді анық, таза, дәл айту, талғап қолдану». «Сөздің дұрыс, таза, анық, дәл айтылуының астында талғау сөздің көрнекі болуын» да керек қылады.

Грамматикалық қателер

Бірыңғай мүшелердің бір тұлғада жұмсалудың қадағаламаймыз: Бұл іс кейбір қалаларымыз бен аудандарда енді қолға алынып жатқаны да белгілі (Газеттен). Мәселен, Динара Алдамжарова, сондай-ақ, балалармен қазақ тілінде сөйлесіп, тәрбие ісімен айналысып жүрген тәрбиеші Алена Ткаченконы ата-аналар да, бүлдіршіндер де жақсы көреді (Газеттен). Соңғы сөйлемді қайталап барып оқығанда дұрыс түсінесіз. Ал бірінші рет оқып келе жатқанда Динара Алдамжарова Аленка Ткаченконы жақсы көреді екен деп қаласыз. Бірыңғай мүшенің екеуі де бір тұлғада, табыс септігінде жұмсалуды керек еді.

Емлелік қателер

Қазақ тілінде араб цифрынан кейін келетін дефистің белгілі бір атқаратын қызметі мен мәні бар. Дефис – морфологиялық таңба. Реттік сан есім мен зат есім тіркесіп келгенде, реттік сан есімнің жұрнағы -ыншы, інші-нің орнын дефис таңбасы басатындығын мектептен білуіміз керек еді. Осы ережені білмейтін журналистің мақаласын оқып отырып, алпыс бесінші үй емес, алпыс бес үй деп тығуға мәжбүрсіз. Қараңыз: Үстіміздегі жылдың 6 ақпанында Торайғыров көшесі, 63 үйдегі подъездердің бірінде электр желісі жанып, жалын пәтерлердің біріне өткен. Алпыс үш үйде өрт болса, не болғаны?! Мүмкін мұны компьютерде теруден кеткен қате ме деп ойласаңыз, одан кейінгі сөйлемдер мұны жоққа шығарады: Гагарин көшесі,

42 үйдегі пәтерлердің бірінде электр плитасының қысқа тұйықталуы орын 24 алды. Кутузов көшесі, 34 үйдің тұрғындары құрылыс қалдықтарын баспалдақ алаңына үйіп қойған (Газеттен). Бұл өрескел қателік газет мақалаларының бәрінде кездеседі деуге болады. Мысалы: Мәліметтерге ден қойсақ, былтырғы жылы облыста Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 227 бабы 3 тармағы бойынша... (Газеттен).

Пунктуациялық қателер

Газет бетіндегі жарияланған мақалаларда тыныс белгілерден көп қате кетеді. Әсіресе, орынсыз қойылған сызықшалардан аяқ алып жүре алмайсыз. Дәлел келтірейік:

1. Әрине, бұл – білікті ұстаздың маңдай тер еңбегі, тамаша тәлімі, шығармашылық ізденісі екені анық;
2. Оған куә – жақында Массачусетс университетінің ректораты Қуат сынды ерекше дарынды студентті дайындаған павлодарлық білікті ұстаз Давид Ганелинге алғыс білдірген хат жолдапты;
3. Екіншіні – екібастұздықтар, үшіншіні ертістіктер еншіледі;
4. ХХІ ғасыр – өмірдің барлық салаларында болсын өзара қатаң бәсекелестікті тудырып отыр;
5. Оқу бағдарламаларына жаңаша көзқараспен қарау, оқушылардың шамадан тыс жүктемесін қайта реттеу, ақпарат алудың заманауи әдістерін меңгеру – жоғарыда аталған талапты орындауға толық мүмкіндік береді дер едім;
6. Жалпы, әрбір жинақтың өз ұрпағына електен өткізіп, тек пайдалы жақтарын мұра етіп қалдыруын - шынайы тәрбие деп түсінемін;
7. Бұл шығарма – сөз жоқ, ұрпақ тәрбиесінде әрбір отбасы, әрбір адам пайдаланатын құнды еңбек, тәрбиешіл деп танылған;
8. Сөз жоқ, барлығы да - еліміздің ертеңі үшін жасалып жатқан игі қадамдар (Газеттен) т.б

Стильдік қателер

Стильдік қателерді біз сөз қолданысындағы стильдік қате және сөйлем құрылысындағы стильдік қате деп бөліп көрсетер едік. Сөз

қолданысындағы стильдік қателер сөз бен сөздің мағыналық тіркесімінің дұрыс болмауынан, тілдегі тұрақты сөз үлгілерінің сөйлемдегі оймен қабыспауынан туындап жатады. Мәселен: Көптеген дарындардың қабілетін одан әрі ұштап, ірі додаларға ... дайындап жүрген ... білікті ұстаздың бірі – Давид Ганелин (Газеттен). Қабілетін ұштау сөзі шығармашылық еңбек жолын жаңа бастаған уақытта айтуға лайық емес пе? Ал бірнеше жылде иеленген оқушыға қатысты оның қабілетін сөзіне ұштады емес, жетілдірді, дамытты сөздері тіркесе қолданылғаны дәлді еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С 28 Сәрсекке Г.Ә. Тіл мәдениеті. Оқу құралы. Павлодар: ПМПИ баспасы, 2011. 114 б.
2. «ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СӨЗДІГІ: ЭТНОСЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ» Н.Уәли, Р.Шойбеков, Н.Әлімбаев, Қ.Рысбергел, Қ.Күдерінова, А. Фазылжанова, Э.Өтебаева Алматы,2022

Ақпарат көздері:

1. <https://stud.kz/referat/show/23036>
2. <https://www.tiltanym.kz/jour/article/view/254/94>